Негізгі мақсаты қызметтің барлық саласында тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін толықтай қамтамасыз ететін, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартатын, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыратын, телекоммуникация мен есептеу техникасын енгізу негізінде мемлекеттегі әлеуметтік-саяси қатынастардың тұрақтануына жәрдемдесетін ақпараттандырудан басталады. Осыған орай, біз «ақпараттық капиталды» ақпараттандырудың табыстылық көрсеткіші ретінде қолдануды ұсынамыз. Өз кезегінде, ақпараттық капитал біздің ойымызша, ақпараттық кеңістіктегі әлеуметтік капиталдың бейнесі.

Әуелі тұлғаның ақпараттық кеңістікте пайда болатын мүмкіндіктерін қарастырайық. Америкалық ғалым К. Линчтың пікірінше, кез келген қала тұрғынына қаланың әлеуметтік кеңістігінің тек шағын бөлігі тиесілі. Бірақ дамыған тұлғаралық ақпараттық желілер тұлғалар мен топтардың іс-әрекеттік және өндірістік мүмкіндіктерін арттыратын қуатты мультипликаторына айналды.

Айрықша әлеуметтік субъект – «желілік әлеуметтік фактор» пайда болды. Іс жүзінде актер тіршілік ресурстарын бір уақытта үздіксіз әрі қарқынды жинақтап, «сыртқы» әлеуметтік ортаның артық қысымынан қорғайтын механизм – бастапқы экоқұрылымды қалыптастырады.

Осы іспеттес негізгі механизм ретінде әлеуметтік желілер қарастырылады (желілік технологиялардың толыққанды дамуы тек ақпараттық кеңістікте жүзеге асуы мүмкін. Расында, қазіргі уақытта Ғаламторда social networking (әлеуметтік желілер) ұғымы танымал. Ол адамдарға дәстүрлі әлеуметтік институттардың көмегінен бірін-бірі тануға бағытталған веб-порталдар. Желілік қоғамдастықтарды тек ғаламторда араласатын құру арқылы пайдаланушылар ой-пікірлерімен емін-еркін алмасып, ортақ қызығушылықтары негізінде достық қарым-қатынастарды қалыптастырады. Заманауи желілік қоғамдастықтар тұлғаның рухани, кәсіби өсуіне ықпал ететін аспаптармен қамтамасыз етілген.

Жақын арақатынастың өздігінен туындамайтыны анық. Адамдарды ортақ қызығушылықтар, қызмет пен әуесқойлық байланыстырады. Осылайша құрылған желілерде ұқсастық қағидасының барлығы бар, ал кемшіліктер жоқтың қасы. Егер желі сенім негізінде құрылса, сіздің ақпараттану деңгейіңіз сіздің не білетіндігіңізбен емес, кімді білетіндігіңізбен анықталады. Басқаша айтқанда заманауи әлеуметтегі қарым-қатынас түрі барған сайын желілік сипатқа ие болуда. Зерттеуші В. Юдаевтың талдауы саяси-әлеуметтік үдерістің барлық қатысушыларының тіпті бөлек азаматтың желілік

белсенділік деңгейінің үдеуін болжауға мүмкіндік береді. Осылайша, желілік коммуникациялардың логикасы барлық коммуникациялық үдерістердің сипатын қалыптастыра бастайды.

Расында да, дамыған коммуникациялық қызметтер азаматтарға билікті олардың жанама байланыс жолымен қалыптастыруға жағдай туғызады. Осы орайда азаматтардың жанама қатысу мүмкіндігі және олар қалыптастырған құрылымдар теориялық тұрғыда мемлекет басшылығына оңай жүгініп, қоғамдық және саяси иерархиядағы мәртебесі мен тұратын жеріне қарамастан өз қызығушылықтарын есепке алып, іске асыруға мүмкіндік береді. Мобильді байланыс желілерінде мәліметтерді таратудың жаңа технологиялары ақпараттық кеңістікте (m-government немесе «мобильді үкімет») мемлекет пен азаматтардың жаңа перспективалық әрекеттесу үлгілерін жасауға мүмкіндік береді.

Ауқымды коммуникациялық қатынастардың негізінде саяси шешімдерді қабылдау үдерістері туралы ақпараттардың азаматтарға қолжетімділігін қалыптастыру билікке, біріншіден, қоғамды шенеуніктердің озбырлығынан кең деңгейде қорғауға, екіншіден, азаматтардың билік органдарына ықпал етуіне мүмкіндік жасайды.

Бұдан әрі қалыптасып жатқан ақпараттық кеңістікте қоғамдық бірлестіктердің, қызығушылық топтарының қатысу мүмкіндіктерін қарастырайық. Ол жаңа ұйымдардың қалыптасу шығындарын азайтып, жаңа бейкоммерциялық ұйымдардың ұлғаю факторы болып, азаматтық қоғам институттарының көп мөлшерде қалыптасуы.

Ақпараттық кеңістікте азаматтық қоғам институттарының қалыптасу үдерісінің үдеуі және шығындардың азаюы бірінші кезекте жаңа ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етіледі. Ақпараттық кеңістік арқылы әлеуметтік жобалаудың мүмкіндіктерін децентрализациялауға болады. Интернет-сайттар кез келген белгіленген мінездемелермен әлеуметтік қоғамдастықтарды жобалауға мүмкіндік беретін әлеуметтік жобалаудың неғұрлым айқын аспаптары болып табылады. Қазіргі уақытта желілік ресурстарды жасау, шамалап айтқанда, сайттардағы баннерлік немесе өзге де жарнама есебінен орны толатын коммерциялық сипат алғанын айта кетейік. Бұл ретте айқын тақырыптық сайт айналасында қолданушылардың тұрақты қоғамдастықтарын қалыптастыру маркетинг саласында мейлінше жоғары дамыды.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының оқытушысы, PhD докторы



ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ БІЛІМ ОРДАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – жаһандық агенттік рейтингісінің әлемдегі үздік 200 университеттің қатарына кірген алғашқы Отандық жоғары оқу орны.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да көптеген әлемге әйгілі жоғарғы технологиялық корпорациялардың ғылыми білім беру орталықтары жұмыс істеп келеді. Қазақстандағы жоғары оқу орны арасындағы халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланған әрбір бесінші мақала біздің ҚазҰУ ғалымдары, магистранттар мен докторанттарға тиесілі екенін ауыз толтырып айта аламыз. Қазіргі таңда қара шаңырақтың аса маңызды инфрақұрылымы – 50 пайызға жуық өсті. Білім алушы әрбір шәкіртке қолайлы ортада алаңсыз білім алуға барлық жағдай жасалынған.

ҚазҰУ қазіргі әлемдік пандемияға байланысты қашықтан білім берудің үздік технологияларын енгізген, студенттердің білім алуына барлық жағдайды жасап, өзге университеттерге үлгі боларлық толассыз жұмыстар қатарын атқаруда. Қашықтан оқыту жүйесін іске асыруда «Универ 2.0» және «Moodle» ақпараттық білім беру платформалары арқылы білім берілуде.

Кафедра оқытушылары қашықтан оқыту технологияларын толық меңгеріп, теориялық және практикалық түрде толыққанды білім беру үдерісін жүзеге асыруда. Студенттер мен магистранттар онлайн режимде, конференциялар мен

ғылыми жобаларға қатысып, жүлделі орындар алып, ғылыми мақалаларын жария етуде.

Биылғы жылы кафедра магистранттары онлайн өтілген бірнеше ғылыми конференцияларға қатысып, жүлделі орындарды иеленуде. Атап айтар болсақ, «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының 1-курс магистранты Нұрила Ермаханбет ТМД елдерінің арасында «Жас ғалым – 2020» ғылыми жобасына PhD докторы Ж.Ж. Күзембекованың жетекшілігімен қатысып, I дәрежелі орынды иеленіп, «Жас ғалым – 2020» төс белгісімен марапатталды. Сонымен қатар, 2-курс магистранттары А. Мамыр, С. Қалдыбаевалар Абай Құнанбаевқа арналған республикалық ғылыми конференцияда жүлделі 2-ші, 3-ші орындарды иеленді. Осындай жетістіктер ҚазҰУ-дың сапалы білімінің нәтижесі.

Ойымызды аяқтай келе, әрбір болашақ жас түлекке алға қойған арман жолдарыңызда ҚазҰУ-дай еңселі білім Ордасына келіп, ғылымға өз үлестеріңізді қосыңыздар дегіміз келеді.

Ж.Ж. КҮЗЕМБЕКОВА,
PhD докторы

Н.Р. ЕРМАХАНБЕТ,
1-курс магистранты

ЖАСТАР ТАҢДАУЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алу барлық жастардың арманы деп айтсақ қателеспеген болармыз.

Кез келген талапкерде ҚазҰУ-ды таңдап, сонда білім алып, оның түлегі атану сияқты арманы болады. Бұл арман кейбір жандарда орындалмай қалатыны өкінішті. Өмірде үш таңдауда қателеспе деген сөз бар қазақ халқымызда. Солардың бірі, бұл – мамандық. Яғни, талапкердің қандай болмасын университетке оқуға түсуіне қарамастан, ең маңыздысы өзі қалаған, жан дүниесіне жақын мамандықты таңдағаны дұрыс деп есептейміз. Мен де өзім жан дүниеме жақын мамандықта оқып жатырмын. Ол «Педагогика және психология» мамандығы.

Білім алатын педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы екі мамандық бойынша студенттерге білім береді. Кафедрамыздың өз ұраны бар. Бұл ұран атақты ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» атты қанатты сөздерімен байланысты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды таңдаудың көптеген себептері бар. Өз тәжірибемнен сондай себептердің бірнешеуін атап өткім келеді: Білім үш тілде беріледі; Университетке дейінгі бейіндік мектеп және колледж өз жұмысын атқарады;

Шетел азаматтарының білім алуына мүмкіндіктер жасалған; Республикалық конкурстар, олимпиадалар, конференция, семинарлар және де т.б. болып өтеді; ҚазҰУ қалашығының табиғаты керемет; Студенттік ұйымдар («Жас Отан», «Сұңқар», «Көмек» және т.б.) мен үйірмелер көп; Үлкен кітапхана және интернет орталығы бар; Студенттерге көмек көрсету орталығы және кинотеатр да бар; Алматы қаласының ішіндегі жеке қалашық.

Жоғарыда көрсетілген себептер тізімін жалғастыратын болсам бітпейтін секілді. ҚазҰУ-да студенттердің оқуы мен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылуда. Студенттерден тек қана оқу, өзінше жұмыс жасау, үнемі іздену, қызығушылықтарын үнемі дамытып отыру және т.б. талап етіледі.

ҚазҰУ-дың кең есіктері әрқашан талапкерлерге ашық. Үздік оқу орнында оқығанға не жетсін демекші, ҚазҰУ-ды таңдаңыздар!

П.Ш. СУЛТАНОВА,
педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты

М.Д. ШАҒЫРБАЕВА,
п.ғ.к., доцент м.а.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы жетекші ұлттық көпсалалы жоғары оқу орнының бірі. Бүгінгі таңда ҚазҰУ Қазақстанның және ТМД-ның жоғары оқу орындарының арасында ғана емес, сондай-ақ халықаралық рейтингте де жетекші орынға ие.

ҚАЗҰУ-БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

Бұл жетістіктерде педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының нақты үлесі бар. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика кафедрасы 1940 жылы 12 қаңтарда құрылған. Бүгінде ол педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы болып өзгертіліп, педагогикалық бейіндегі мамандарды даярлайтын философия және саясаттану факультетінің негізгі кафедраларының бірі. Оның қалыптасуы мен дамуы ұзақ мерзімді (кезеңді) қамтиды: тарихи-филологиялық факультеттің құрамында ашылып, университеттің педагогикалық мамандықтарын массалық қамтамасыз етуден бастап, «педагогика және психология», «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» және білім беру қызметінің «бакалавриат, магистратура, PhD докторантура» үш сатылы жүйесіне өту кезеңіне дейін жұмыс істеп келе жатыр.

Педагогикалық мамандықтардың массалығы, оқытудың сапалығы және білім беру саясатының тұрақтылығы кафедра дәстүрінің сақталуы мен табыстылығына негіз болды. Кафедраның қалыптасуы университеттің, Қазақстанның педагогика-психологиялық ойларының дамуымен, педагогикалық мәдениет пен жалпы білім берумен қатар бірге келе жатыр. Кафедраға әр жылдары педагогика ғылымының ғұлама ғалымдары мен ұлы тұлғалар басшылық жасады – Шакир Кокымбаев, Төлеген Тәжібаев, Абдыхамит Сембаев, Қартбай Бержанов, Хасен Аргынов, Борис Садықов, Гульнас Ахметова, Зауреш Исаева. Сонымен қатар кафедрада педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Р. Баширова, Ә.Т. Табылдиев, Н.А. Асанов және т.б. жұмыс істеді. Әр түрлі жылдары педагогика және білім беру менеджменті кафедрасына белгілі педагогтар мен атақты ғалымдар шақырылған, Н.Д. Хмель, К.Ж. Қожахметова, А.Қ. Құсайынов, Ш.Т. Таубаева, И.Р. Халитова, Қ.Ж. Аганина және т.б.

Болашақ жас мамандарды бәсекеге қабілетті, біліммен қаруландыру мақсатында, жеке дара қабілеттерін арттыруға негізделген педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ішінде көптеген қоғамдық жұмыстар мен ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтатын болсам: «Айналанды нұрландыр!», «Грин кампус», «100 кітап», «Салауатты өмір», «Дені саудың – жаны сау». Бұндай жобалардың негізінде кафедраның ұйымдастыруымен арнайы фестивалдар, дебат, т.б. қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Кафедра жұмыс жасап келе жатқан уақыттан бері білім беру мен қоғамның басқа салаларында жоғары кәсіби деңгейдегі мамандар даярлап, бүгінде біздің түлектеріміз еліміздің әр түрлі түкпірлері мен шет елдерде жұмыс жасап жүр. Ұжым жоғары ғылыми әлеуетке, жауапкершілікке ие, өзінің кәсіби мамандығы мен университетіне адал еңбек етуде. Кафедраның білім беру бағдарламаларының дамуындағы атаулы жетістіктерімен және университеттің академиялық саясатына белсенді қатысуынан бүгінде мынандай түйін жасауға болады: еңбек нарығында сұранысқа ие ғылыми-педагогикалық кадрлар мен жоғары білікті мамандар даярлауда білім беру мен ғылыми және қоғамдық орталық болып табылады.

Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі Әбу Насыр әл-Фараби былай деп жазды: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым». Осыған орай, ҚазҰУ сапалы білім алуға және өз саласында кәсіпқой болуға мүмкіндік береді.

Алуа САПАРЖАНОВА,
педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты

Анар МУКАШЕВА,
п.ғ.д., доцент



«Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру орталығы» Сарыбай би Айдосұлының туғанына 200 жыл толуына орай «Жамбылдың ұстазы Ер Сарыбай би Айдосұлы» атты онлайн форматта республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді

Райымбек ауданы өңірінде Сарыбастау мен Абай ауылдарының төрінде Шартас атты тау жоталары бар. Шартас Сарыбастау ауылынан онша алыс емес, бар болғаны шамамен алты-жеті шақырым шамасындай ғана жерде. Шығысында Үйсін тауының үлкен жотасы жатса, солтүстігінде Есекартқан тауы.



Күнгей Алатауында болып, бұдан кейін атақты Шалкөде жайлауына аялдағанын білеміз.

Құрамында жүзден астам адамы бар экспедиция жер шенеуші топографтардың бастығы Яновский мен Жетісуды жақсы білетін аудармашы Бардашов, шекарашылар тобы, сонымен қатар албан, жалайыр руының тарихты жақсы білетін адамдарынан жасақталса, әйгілі Әбілес Тазабек (Тезектің бауыры), Бұлан Сасыбаев, Байғозы Тіленшин, Жайнақ Темірбеков және басқалардың

болғанын Шоқан жазбаларында кездеседі. Экспедициядағылар тау мен тасты карталарға түсірумен қатар, мұндағы тарихи маңызы бар жерлерге ерекше мән бергенін аңғарасыз.

Бұл Шоқанның Шалкөдеге алғаш барғаны болса, ғалымның қайыра келгенін Қашқар сапарында Шалкөде өзенінің жағасында қос тіккенін орыс жазушысы Сергей Макаровтың «Асқарға аттанғандар» деген кітабында баяндалады. Ал, белгілі балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің «Шоқан асулары» повесінде Шоқанның Шартасқа әскери-ғылыми экспедиция құрамында болған Бұлан ақсақал мен Байғозы қарияны ертіп, Шартас алқабына барғандығын әңгімелейді. Аңызды тыңдаған Шоқан Байғозы қарияның әңгімесін сүйсіне тыңдап өз дәптеріне жазып алып, «бұл бір анықтай түсер аңыз екен», деп жазып алғаны бекер әңгіме болмаса керек-ті...

Тастың бетіндегі сурет және оның мазмұны сол аймақ тұрғындарының өз уақытындағы діни сенім бағытын айқындайтын кескін салынған. Соған қарап бұл аспанасты ғибадатханың орны болар деген жорамал жасауға болады. Демек, тастағы сурет мазмұны ислам мәдениетінен бұрынғы кездегі, діни нанымды айқындайтын орын болғанын білдіреді.

Салмағы жүздеген тонна, биіктігі он метрдей қызыл шомбал тастың шеті тесілген, жеңді білек сыятындай, шамамен отыз сантиметрдей болар. Оған кезінде қырғыздың Манас батыры Аққұла тұлпарын байлапты деп ел аңыз айтады. Арқандалған арғымақ ат құйқалы майда қырқаларда жайылып, Текес өзеніне түсіп су ішетін көрінеді. Ал Шартас пен Текес өзенінің арасы 20 шақырымдай.

ШАРТАСТЫҢ ҚҰПИЯСЫН БІЛЕМІЗ БЕ?

әуре болмай, көкейдің қызын қоса алып, Шартастағы көп үңгірдің біріне тығылыпты. Өздерін таба алмаған жаудың ұзап кеткеніне көзі жеткен қашқындар Шартастың аузына келсе керек. Сонда қыздар біріне-бірі сүйеніп тұрған тастарды көріп, «ой, көтек, ұят болды-ау, ұятсыз тас екен» десе керек.

Содан «Көтек тас» аталыпты.

Шартастағы жұмбақ тастар жөнінде де әңгімелер көп. Соның бірі батыр Ер Көкше салдырған қорғанға қатысты. Бүгінде жұрнағы қалған төбешікті батырдың қосабасы дегенді айтады.

Өткен ғасырдың 80-жылдары осы маңда балық өсіру үшін тоған қазылыпты. Сол кезде жер астынан күйдірілген қыш кірпіштер мен тас кірпіштер табылған. Бірақ осы кірпіштердің ізіне ешкім түспей, табылған тарихи заттар әркімнің уысында кетті. Бүгінде оларды ел ішінде іздеп табу да қиын. Дегенмен кірпішті айтпағанда, Шартаста ғасырлардан бері сыры мен сынын сақтап тұрған суреттер мен петрографтар жеткілікті. Самұрық құстың бейнесі, арыстандардың шайқасы, жан-жануарлардың келбеті тасқа қашалып салынған. Олардың қай ғасырда жазылып, сызылғаны, мәні мен мазмұны әлі нақты емес.

Шартас тарихшылар мен археологтарды сарғая күтіп жатқан алтын мектей. Тас бетіндегі бұғыға қарасаң, сол заманның шедевр туындысы екеніне ешбір күмәнің болмайды. Мүйізі сегіз салалы бұғы суретінің көлемі тірі бұғымен шамалас. Шартаспен жалғасып кететін Шыныбек сайындағы тақта тастарға салынған суреттер тіпті өзгеше. Орындау шеберлігі мен мазмұнының өзгешелігіне тақта тастың әсері шығар. Арасы жақын екі сайдағы сурет кескіндерін бір-бірімен салыстыруға келмейді, екеуі екі дәуірдің еншісі, ұрпаққа қалдырған аманаты сияқты.

Ел аузындағы аңызға қарағанда, тастар галереясының ортасына бағзы заманда Қытай көмбесі, сондай-ақ жауынан қашқан жоңғарлардың алтын қазынасы жасырылған. Бірақ сол қазынаның сыры әлі де шешуі жоқ жұмбақтай.

Алмабек ИБРАЙІМОВ,
журналистика факультетінің студенті

Жері шүйгін, табиғаты бай тау тепсеңі «Шартас», «Шарташ», «Шортас», және «Жар тас» деп аталғанына қарағанда, бір жүйеге түспеген жер атауларының өзі анықтауды керек етіп тұрғандай. Бір қызығы, осыншама атауы көп аймақтың өзі «Қазақстан ұлттық энциклопедиясына», «Жетісу» аймақтық энциклопедиясына енбей қалған.

көп сырға қанық болары сөзсіз» – дейді автор «Гибрат» деген кітабында.

Жері шүйгін, табиғаты бай тау тепсеңі «Шартас», «Шарташ», «Шортас», және «Жар тас» деп аталғанына қарағанда, бір жүйеге түспеген жер атауларының өзі анықтауды керек етіп тұрғандай. Бір қызығы, осыншама атауы көп аймақтың өзі «Қазақстан ұлттық энциклопедиясына», «Жетісу» аймақтық энциклопедиясына енбей қалған.

Қазақтың өміріне, тіршілігіне жақыны, мағыналық жағынан да үйлесімдісі «Шортас» дегеннің негізі бар сияқты. Шор дегеніміз – заттың шорланып немесе қырсыз қайнап бірігуі екенін жақсы білеміз. Шор тастар мекенінен қырлы, үшкір тастарды кездестіре алмайсыз. Сондай-ақ мұнда тас үгінділері, майда қиыршықтар жоқ. Алқапқа шоғырланып, үйіліп жатуына қарағанда, бұл жердің дұрыс атауы «Шортас па?» деп ойлайсың.

Жергілікті тұрғындардың кейбірі осы тас жоталарының атауы «Шарташ» дегенді айтады. «Шарташ» бұл көршілес қырғыз елінің тілінде мағыналық жағынан шарға ұқсаған тас дегенге келеді екен. Десек те, тау жоталары жөніндегі барлық атаулар, бір-біріне жақын, адастырмас аксиома болары анық. Шартас атауын Чартас деп жазып, оны «Жартас» деп қазақшаға аударған Еркебай Қойшыбаев та бұдан басқа дерек қалдырмаған («Краткий толковый словарь топонимов Казахстана» атты еңбегінде).

Ал Шоқан еңбектерінде бұл өңірге 1856 жылы тамыз айында полковник М. Хоменковский басқарған орыс әскери-ғылыми экспедицияның құрамына Шелек жақтан қосылғанын жазған. Экспедиция Ыстықкөл мен



Суреттерді түсірген - Досжан Балабекұлы

КЕРЕМЕТ ТӘЖІРИБЕ

2015 жылдың күзінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетіндегі жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасына жұмысқа қабылдандым. Сол уақыттан бері аға оқытушы қызметім бойынша оқытушылармен және студенттермен тығыз қарым-қатынас жасаудамын. Факультеттің Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген студенттеріне сапалы білім беруде, зерттеу жұмыстарын жүргізуде және мақалалар жариялау үшін қаншалықты еңбек ететіндеріне куәмін.



Өзіме жүктелген оқу сағаттарынан бөлек, факультеттегі шет тілі: екі шеттілі, лингвистика, компьютерлік лингвистика мамандықтарында білім алатын студенттермен қоса оқытушы-профессорлар құрамына арнап, аптасына екі рет ағылшын тілін меңгеруге арналған пікір-сайыс клубтарын өткізіп, еркін сөйлеу үшін қосымша көмек ретінде жұмыстар атқарамын. Университеттегі таныс адамдардың барлығы бізге өте мейірімді. Бізді сондай жылы қабылдағандарына, көрсеткен кез келген көмектеріне ризамын. ҚазҰУ бізге визасын ұсынды, жақсы сабақ кестесін құрды, қашықтан оқытуға көмектесті. Қашықтан оқу сәттерінде университеттің электронды кітапханасындағы оқу құралдары қол жетімді болды. Біз еш қиналуды сезінбедік әрі қолдануға ыңғайлы болды.

Университеттен тыс жұбайым екеуіміз басқа салаларда да белсенді

жұмыс істейміз. Біз өз кәсібін ашқысы келетін студенттерге бизнес жүргізу принциптері мен тәжірибесі туралы білуге көмектесетін ENACTUS Kazakhstan ұйымының волонтеріміз. Біз қайырымдылық жұмыстарымен де айналысамыз. Биыл Америкадан келген және жергілікті достарымызбен жаңа жылдық демалыста Алматы облысындағы аз қамтылған отбасыларына біраз көмек көрсеттік. Біз бұл отбасыларға тамақ, киім, медициналық көмек, көмір және ойыншықтар алуға көмектестік.

Мен үшін ҚазҰУ-да жұмыс істеген жылдардағы қызметім – өмірімдегі қайталанбас, әрі керемет тәжірибем!

Эдвард МАКФЕРСОН,
жалпы тіл білімі және еуропалық тілдер кафедрасының аға оқытушысы

ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультеті және кітапхана мамандығының 2-курс студенттері мен «Мұратану» клубының ұйымдастыруымен ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Махамбеттің сарқыты» атты поэзиялық сазды кеш ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының «Жас мамандар кеңесімен» онлайн режимде ұйымдастырды.

Аталмыш мәдени, тәрбиелік шара Мұқағали поэзиясын насихаттауға арналды. Шара аясында қоғамда орын алып отырған екі үлкен өзекті тақырып өзара ұштастырылды. Біріншіден, бұл әрине Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойы, ал екіншісі дүние таным. Екінші мәселе Қазақстанда жалпы Мұқағали танушы, зерттеуші ақын, жазушылардың соңғы уақытта үлкен түйткілді мәселеге айналып отырғаны бәрімізге белгілі. Мұқағалидың поэзиясы, философиясы, дүниетанымы сонымен қатар жастарды тәрбиелеудегі маңыздылығы күннен күнге арта түсуі жақсы құбылыс. Әсіресе жастар,

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», – деп халқымыздың ұлы ақыны Абай Құнанбаев ағамыз айтып кеткендей, кез келген адам «Өмір» атты дүниеде өз орнын табуға тырысады, яғни өседі, көреді, тәрбиеленеді. «Еңбекпен тапқан нан тәтті» демекші, таңдаған мамандықтарының қызығын көруге тырысады.

МАМАНДЫҒЫМ – БОЛАШАҒЫМНЫҢ БАСТАУЫ

Қазіргі таңда заман талабына сай тұлға болып қалыптасып, мақсат-арманыңа жету үлкен өнерді, өмір сүру өнерін меңгеруді қажет етеді. Әрбір адам өзін-өзі дамыта алу үшін білім алып, сол біліміне сай мамандыққа машықтану керек.

Мамандық – бұл әрбір адамның ертеңгі болашағы. Жоғары білім берудің негізгі міндеті мамандық тек қана біліммен қаруландырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениеттің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады. Студентті тек болашақ маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, шығармашылық тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ал болашақ мамандарды осы айтылғандарға сәйкес дайындау, оның болашақ кәсіби құзыреттілігіне сәйкес білім беруден бастау алады.

Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының магистратурасында оқимын. Бұл тұрғыда өз мамандығыммен мақтана аламын, себебі менің мамандығым қазіргі уақытта қоғамға қажетті мамандықтардың қатарында. Бүгінде бакалавриатта оқыған мамандығымды магистратурада жалғастырып жатырмын.

Әлеуметтік педагог – әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен, отбасымен, қарттармен, мүмкіндігі шектеулі жандармен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Оларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетеді, қиын жағдайдағы тұлғаларға бағыт-бағдар, пайдалы кеңес береді, балалардың құқықтарын қорғайды. Бала бойындағы ерекшеліктері мен оның қызығушылықтары мен

қажеттіліктерін, мінез-құлығындағы ауытқуды анықтай отырып, оны қоршаған микроортаны зерттейді және балаға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді. Қазіргі дамыған заманда менің мамандығым қоғамға қажет мамандық деп санаймын, енді бір жағынан қарасақ, менің мамандығым сауабы мол тек жақсылыққа, дұрыс жолға бағыттайтын мамандық. Мамандығым деген қызығушылықты одан әрі арттыра түскен педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессор-оқытушыларына п.ғ.д., профессор – Ш.Т. Таубаева, п.ғ.к., профессор – А.Б. Айтбаева, п.ғ.д., профессор – Н.С. Әлқожаева, п.ғ.к. Қ.Ш. Молдасан және басқа да білім берген ұстаздарыма алғысым шексіз. Студенттерге жоғары деңгейде, түрлі жаңа әдіс-тәсілдермен білім беруден жалыққан емес. Сонымен қатар университетте әрбір білім алатын студенттер үшін лайықты жағдай жасалған.

Университет Қазақстандағы ең үлкен және ең бай кітапханалардың біріне ие. Әбу Насыр әл-Фараби музейі кітапхананың әрбір қонағы үшін ашық. Оқу ордасы көрнекті және жан-жақты академиялық бағдарламаларды ұсынады.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере отырып, осы оқу орнының магистранты ретінде мен университетіміз өз студенттеріне толыққанды білім алу үшін және де өсіп келе жатқан қазіргі әлемнің талаптарына сай болу үшін көптеген мүмкіндіктер береді деп үлкен сеніммен айта аламын.

А.Н. КЕРІМҚҰЛ,
2-курс магистранты

Қ.Ш. МОЛДАСАН,
п.ғ.к.

«МАХАМБЕТТІҢ САРҚЫТЫ»

соның ішінде, студенттердің ықыласы зор.

Тәрбиелік шара Мұқағалидың мұрасына, шығармашылығына байланысты осы көзқарастарын жастардың арасында насихаттау мақсатымен өтті. Ақынның шығармашылық мәселесі негізінен Мұқағалидың терең философиялық ой-толғауларының негізінде жыр сайысы ұйымдастырылды. Сондықтан топ студенттері Мұқағалидың өлеңдерін, жыр толғауларын оқып, оған терең бойлауға, жырды Мұқағалиша түсінуге тырысты және сол түсініктерімен шараға жиналған студенттер және магистранттар, жас қызметкерлер қауымымен бөлісті.

Мұқағали поэзиясындағы дүниетанымы таусылмайтын терең тақырып. Алайда, бүгінгі шара аясында ұлы ойшылдың шығармашылығы терең толғауларын талдадық. Сондықтан «Ақынның заты өлгенмен, аты өлмейтінін» толық сеніммен айтамыз.

Т. МУХАЖАНОВА,
т.ғ.к., доцент, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

А. НҰРДАУЛЕТҚЫЗЫ,
кітапханалық ақпараттық жүйелер мамандығының 2-курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,

Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.

Байланыс телефоны:

377-33-30, ішкі: 11-94,

тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:

kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орта-

лығында теріліп, беттелді. Басылымның

PDF нұсқасы www.kaznu.kz сайтына

орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.